

**8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша
Каринов Абылай Канатовичтің философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ әдебиетіндегі коучингтің
әдіснамасы» тақырыбындағы диссертациясына**

ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

Мен, Орхан Сойлемез, Кастамону университетінің профессоры, PhD доктор, А.К. Кариновтің «Қазақ әдебиетіндегі коучингтің әдіснамасы» атты диссертациялық зерттеуінің шетелдік ғылыми кеңесшісі ретінде келесі пікірді білдіремін.

Зерттеу жұмысы қазіргі заманғы білім беру талаптарына толық жауап береді және қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесін жаңғыртудағы өзекті мәселені қарастырады. Автор әдеби шығармаларды оқыту процесінде коучингтік технологияларды енгізудің ғылыми-теориялық және практикалық негіздерін терең әрі жан-жақты зерттеген. Диссертацияда қойылған ғылыми міндеттер сауатты анықталған, зерттеу әдістері дұрыс таңдалған және алынған нәтижелер ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді.

Қазіргі уақытта гаджеттерді мектеп оқушыларының шамадан көп пайдалануы шын мәнінде әдебиетті балаларға оқытудың формасын, принциптерін, әдістерін қайта қарауды талап етеді. Кітап оқу мен дәстүрлі оқыту әдістері баланың зейінін ұстауда жаңа технологиялардың алдына шыға алмай қалуда. Қазақстанда да, Түркияда да, барлық әлемде бұл мәселе бар. Мектеп мұғалімдері мен ата-аналар оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан үнемі ізденісте болуы керек. Және жоғары оқу орындары мен зерттеу институттарының ғалымдары да бұл мәселеге бейжай қарамай, түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, мәселенің ғылыми негіздемесін анықтап отыруы тиіс. Коучингтік технологиялар заманауи әдістер жүйесі ретінде сандық ресурстардан әдебиетті оқуды азайтуға және оны тиімді пайдалануға көмектеседі. Бұл диссертациялық жұмыста коучинг әдістерінің қазақ әдебиеті сабағында қолданылу жолдары нақты мысалдармен беріліп, мектеп оқушыларына эксперимент жүргізіліп, мұғалімдердің пікірлері ескеріліп, эмпирикалық зерттеу негізінде дәлелденіп отыр.

Каринов А.К. зерттеу жұмысын жүргізу барысында жоғары ғылыми ізденіс деңгейін, сыни ойлау қабілетін және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын көрсетті. Жұмыстың теориялық тұжырымдары мен

практикалық нәтижелері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіруге елеулі үлес қосады деп санаймын. Одан бөлек бұл жұмыстың нәтижелері білім алушылардың тұлғалық даму әлеуетін арттыруға бағытталғаны маңызды. Бұл жұмыста коучингтік технологиялар мектепте қазақ әдебиетін оқыту контекстінде қарастырылғанымен зерттеу нәтижелерінен коучингтің мектептегі біртұтас оқу-тәрбие үдерісіне тигізетін оң әсері анықталған. Мектеп қабырғасында әр пән өз алдына жеке оқытылғанымен олардың мазмұны оқушыларды жан-жақты тұлға ретінде дамыту, олардың білімін арттыру, тәрбиесін жетілдіру, психологиялық-эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру тұрғысынан бірігеді. Осы орайда зерттеу жұмысының ұсыныстары қазақ әдебиеті пәнімен ғана шектелмей, оның мектептегі оқу-тәрбие жүйесіне әсерін қарастырудың перспективасы жоғары. Әсіресе, диссертация жұмысында әдеби шығармалар арқылы оқушылардың эмоционалдық интеллектісін қалыптастыру жайындағы тәжірибе өте тиімді дәлелденген.

Диссертация жұмысының нәтижелерін тек мектепте ғана емес, ары қарай арнаулы орта білім беру ұйымдарында, ЖОО-да қазақ әдебиетін оқытуда да пайдалануға болады. ЖОО студенттеріне, мұғалімдерге, және жалпы барлық ересектерге әдебиетті оқыту барысында коучингтік әдістерді қолданып, оны одан әрі жетілдіруді, осы тұрғыда зерттеу жұмыстарын жүргізуді қарастыруға болады. Зерттеу нәтижелері педагогикалық практикада кеңінен қолдануға лайықты.

Диссертациялық жұмыс 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалып, PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді және қорғауға ұсынылуы тиіс деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

**Кастамону университетінің профессоры,
«Қазіргі Түрік тілдері және әдебиеттері» бөлімінің басшысы
PhD доктор (Түркия, Кастамону)**



О. Сойлемез